Ақтөбе облысы Байғанин ауданы «Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы марапаттауға ұсыну жөніндегі

комиссия отырысының хаттамасы

2023 жылғы 23 мамыр №3 Байғанин ауданы

Төрағалық етуші: Б.Нуртазина-«Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры, комиссия төрайымы

Хатшы: Б.Абенова-әдістемелік ісі жөніндегі директордың орынбасары

Комиссия мүшелері:

А.Анесов-бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы

Н.Азов-тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары

К.Е.Изтурганов-қамқоршылық кеңес төрағасы

К.Молбаева-оқу –ісі жөніндегі директордың орынбасары

**Күн тәртібінде:**

1.Ақтөбе облысы Байғанин ауданы «Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерін Білім және Ғылым Министрінің марапатына ұсыну туралы

**Талқыланды:**

«Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерін қолдаулары негізінде комиссия отырысына келіп түскен ұсыныстарды саралай келе, **«Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназия»** КММ-нің жанындағы білім саласы қызметкерін марапаттау жөніндегі комиссия ауданның білім беру саласын дамытуда үздіксіз қызмет етіп, шығармашылық жұмыстарымен жетістіктерге жетіп жүрген «Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназия» КММ-нің 23 жыл еңбек өтілі бар, көркем еңбек пәнінің мұғалімі Иманбаева Гульмира Шукирбаевнаның ауданның білім саласына қосқан еңбегін ескере отырып, Білім және Ғылым министрінің марапатына ұсыну туралы мәселе талқыланып **«Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрінің Құрмет грамотасына» ұсынады**

**Сөз сөйлеушілер:**

**1.Н.Азов-тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары:**

Иманбаева Гульмира Шукирбаевна –шығармашыл ұстаз. Алдыңғы қатарлы, үлгі аларлық сынып жетекшілердің бірі. Білім алушылары аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық шығармашылық байқаулардың жеңімпаздары. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, семинарларда үнемі қолөнер саласы бойынша үздік жұмыстарымен бөлісіп, тәжірибе таратып келеді.

**2.А.Хусайнов-эстетика пән бірлестігінің жетекшісі:**

Иманбаева Гульмира Шукирбаевна үнемі үздеміс үстінде, жаңашылдықпен жұмыс жасайтын әріптестеріміздің бірі. Оның әрбір қолынан жасалған бұйымдарды шәкірттері де үйреніп, түрлі шығармашылық байқауларға қатысып жүлделі орындар алып жүр. Түрлі семинарларда іс-тәжірибесімен бөлісіп, соңынан ерген жас мамандарды шабыттандырып, жұмысқа деген белсенділігін оятуда. Ұйымдастырушылық қабілетімен қоса педагогикалық шеберлігінің арқасында оқушылары түрлі байқаулардың жеңімпаздары атанып жүр. Өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі ерен еңбегі үшін қандай марапатқа ұсынса да орынды деп есептеймін.

**А.Анесов-бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы:**

Иманбаева Гульмира Шукирбаевна-мінезі ашық, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, шығармашылықпен жұмыс жасайтын үлгілі ұстаздарымыздың бірі. Моральдық жағынан ұстамды, өз ісіне жауапкершілікпен қарайды. Алдағы уақытта әлі де жемісті еңбек ете отырып, ұстаздың берері көп дегенге сенімім мол. Сондықтан көркем еңбек пәнінің мұғалімі Иманбаева Гульмира Шукирбаевна **«Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрінің Құрмет грамотасы »** марапаттауына ұсыну лайықты деп есептеймін.

**Шешім қабылданды:**

1. «Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназия» КММ-нің көркем еңбек пәнінің мұғалімі Иманбаева Гульмира Шукирбаевна **«Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрінің Құрмет грамотасы»** марапаттауына ұсынылды.

| | |
|---|---|
| Төрағалық етуші: | Б.Нуртазина |
| Хатшы: | Б.Абенова |
| Комиссия мүшелері: | А.Анесов |
| | Н.Азов |
| | К.Изтурганов |
| | К.Молбаева |